

Бәйтерек ауданы Белес ауылдық округі Белес ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Белес ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 қаңтарда № 6007 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, Белес ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 қарашадағы қорытындысы негізінде, Белес ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1 Бәйтерек ауданы Белес ауылдық округі Белес ауылының кейбір көше атаулары:

"Овражная" көшесі - "Рауан" көшесі;

"Заовражная" көшесі - "Татулық" көшесі;

"Набережная" көшесі - "Жағалау" көшесі;

"Западная" көшесі - "Болашақ" көшесі;

"Восточный" қиылысы - "Мерей" көшесі;

"Западный" қиылысы - "Атамұра" көшесі деп қайта аталсын.

2. Белес ауылдық округі әкімінің бас маманы (Ж.Малаева) осы шешімнің әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Белес ауылдық округінің әкімі

М. Ильясов